

органов. Результатом этих изменений стало то, что нарушение законности при рассмотрении уголовных дел перестали носить массовый характер.

Какой урок мы можем извлечь из этих событий? Массовые репрессии стали возможными вследствие игнорирования правовой науки, опыта исторического развития, попыток замены права целесообразностью, веры в эффективность карательных функций права и игнорирования его регулятивных функций.

ҚАЗАҚСТАНҒА ЗОРЛАП ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ПОЛЯКТАРДЫҢ ТАРИХЫ (XX Ғ. 30-40 ЖЖ.)

Айдос Т.М.

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясы, Алматы қ.

Қазақ жері жүзден астам ұлттар мен ұлыс өкілдерінің басын тоғыстырған киелі мекен. Шындығында біздің жерді мекендеуші ұлттар мен ұлыстар бірліктің туын биік ұстап келе жатқанына сырт көз де сүйсіне қарайды. Бірақ, осы диаспоралардың ішінде тағдыры ең қайғылы болып саналатын поляктар диаспорасы.

Бұрынғы КСРО-ның басшылары неліктен поляк ұлтын құғын-сүргенге ұшыратты деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл неліктен осылай болды деген сауалға жауап беру үшін өткен тарих беттеріне үңілгенде мынадай мәліметтер аламыз. XVII ғасырда Польшаны Еуропаның империялары өзара бөліскенде оның шығыс жағы Ресейге қосылған еді де, тұрғындары патшаның қол астына кірді. 1918 жылы Польша тәуелсіздігін жариялаған соң, Рига бейбіт келісімі (1921ж) бойынша поляк-кеңес соғысын аяқтай отырып, бұрынғы Речинополья жерлерін бөлді. Львов, Станислав, тернополь және Луцка маңдары Польшада қалды, бұрынғы Волын, Подольск, Киев губерниялары (тұрғындары 800 мың поляк) Кеңес Одағының бөлігі болып табылды. Украинадағы поляк социалистік Қоғамдастығының автономия (1925-1935ж.ж.) құруғаталпынғаны сәтсіздікпен аяқталып, соңы КСРО-дағы бірінші «жазаланған халық» болуына әкелді де, Сталин еріксіз Қазақстанның адам жоқ даласына көшіртті [1,476].

1936 жылдың 28 сәуірінде құпия қаулымен №776-120 «Қазақ КСР-на Украинадан саяси сенімсіз поляктарды көшіру туралы» құпия қаулысына қол қойды.

«Сенімсіз элемент» ретінде шекара аймағынан 35820 поляк кетті, оның ішінде Қазақ КСР-на 35739 адам, қалған кіші топтар Ресей облыстарына көшірілді [2,314 б].

Аз уақыттың ішінде поляктар барлық мал-мүліктерін тастап арнайы органдардың бақылауымен Қазақстанға, Сібірге зорлап қоныстандырылды.

Қазақстанға 30 жылдары келген поляктардың жай-күйін Озерный мекенінің тұрғыны, екінші дүниежүзілік соғыс ардагерінің сөзінен анық байқауға болады: «...Ең қиыны не деп ойлайсыз? Ең өкініштісі Польша бізден

безіп кетті. Біз Андерстың әскеріне кіре алмадық, өйткені ол уақытта біз поляк емес едік. Ал Костюшакидің дивизиясын жасақтағанда біз поляк болып шықтық. Куәлігімде ұлтым поляк деп жазылғанмен, өзімнің де кім екенімді білмеймін...» [3, 6-7 бб].

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде 1939 жылы 17 қыркүйекте КСРО өз іскерін Польшаның шығыс территориясында енгізді. КСРО үкіметі біз «біз бауырлас Батыс Украина мен Батыс Беларусия» халықтарына көмектесеміз деп мәлімдеді. Ал шындығында КСРО 1939 жылы 23 тамыздағы Германиямен бір-біріне шабуыл жасамау туралы келісімнің құпия протоколы бойынша әрекет етті. Ол бойынша бұл территориялар Кеңес Одағының ықпал аймағы деп белгіленген болатын.

1939 жылдың желтоқсан айында Кеңес үкіметі Украина КСР-нің батыс облыстарынан қоныс аударғандарды арнайы елдендіру және оларды жұмыспен қамту туралы ереже бекітті. Бұл үшін ішкі істер халықтық комитетінің төрағасы Л. Берияның жарлығы бойынша 55 теміржол вагондары бөлінді.

«Қоныс аударушылар» категориясына ең алдымен Польша армиясының бұруынғы әскери қызметшілері, полициядағы шенді адамдар мен бұрынғы Польша аймақтарының әкімшілік қызметкерлері кірді.

НКВД мәліметтері бойынша 1941 жылдың басында КСРО-ның жиырма облыстары мен аймақтарында 131938 құғындалған, «орманшылар», «қоныс аударушылар» тұрып жатты, оның ішінде поляктар 109223 адам, сонымен бірге Қазақстандағы лагерьде 46547 адам мекендеді [4].

Қазақ КСР-де 1942 жылғы 28 қаңтардағы есеп бойынша тіркелген поляк ұлты өкілдерінің саны:

1.	Оңтүстік Қазақстан	облысы бойынша	25998 адам
2.	Жамбыл	облысы бойынша	22051 адам
3.	Солтүстік Қазақстан	облысы бойынша	12362 адам
4.	Қостанай	облысы бойынша	5317 адам
5.	Павлодар	облысы бойынша	9233 адам
6.	Семей	облысы бойынша	9000 адам
7.	Ақтобе	облысы бойынша	5646 адам
8.	Шығыс Қазақстан	облысы бойынша	454 адам
9.	Алматы	облысы бойынша	184 адам
10.	Қызыл-Орда	облысы бойынша	1000 адам
11.	Қарағанды	облысы бойынша	373 адам
12.	Гурьев	облысы бойынша	187 адам
13.	Батыс Қазақстан	облысы бойынша	159 адам
14.	Ақмола	облысы бойынша	7793 адам

Сонымен бірге Ақмола-Қарталы теміржолында жұмыс істейтіндер 4000 болған.

Барлығы 103757 адам [5,141 б].

1942 жылы қарашада Саратов облысынан Қазақ КСР-а 2014 поляктар, оның ішінде 318 бала қоныс аударды [6,9 б].

Депортацияға ұшыраған поляктар арнайы ұйымдастырылған еңбек поселкелерінде орналастырылды. Барлық еңбек поселкелерінде қатаң ішкі тәртіп орнатылып, оның орындалуын село коменданты бақылап отырды. Зорлап депортацияланған поляктардың жағдайы өте ауыр болды. Оларға киім-кешек, тамақ жетіспеді. Қиын жағдайды бұрын беймәлім болған ауыр климат онан сайын асқындырды. «Халық жауы» деп саналған поляктарға төлқұжат та берілмеді. Осындай қиындықтарға қарамастан жергілікті қазақ халқы зорлап қоныс аударылған поляктарға өз көмектерін аяған жоқ. Осы туралы Қазақстандағы поляк мәдени орталығы «Везньдың» төрағасы Альберт Левковскийдің сөздерін келтіруге болады. Ол «1936 жылы көктемде КСРО дағы ұжымдастырудың жеңісі тойланып жатқан кезде, бірінші болып поляктарды зорлап қоныс аударды. Бұл күндері КСРО-ның жаңа Конституциясы дайындалып жатқан болатын. Дәл осы уақытта мамырдың аяғында Украинадан «бас имейтін» поляктарды эщалондармен Қазақстанға жіберді. Бізді тауар жеткізітін вагондармен Көкшетау облысына әкелді. Егер бізге жақын орналасқан ауылдың тұрғындары көмектеспегенде біздің тірі қалуымыз екі талай еді. Кішкентайынан даланың қонақжайлық дәстүрін өз бойына сіңірген қазақтар еріксіз келген қонақтармен соңғы нанын бөлісті» - деп еске алады [7,18 б].

Германия КСРО-ға тұтқиылдан шабуыл жасаған соң, Лондондағы эмигранттық Польша үкіметі мен Кеңес үкіметі арасында 1941 жылы 30 маусымда елшілік қарым-қатынастарды орнату және КСРО территориясында поляк армиясын құру туралы келісімге қол қойылды. Осы келісімнің нәтижесінде 1941 жылы 12 тамызда КСРО Жоғары Кеңесі Призидиумының Жарлығы бойынша «барлық поляк азаматтырына» амнистия жарияланды [8,151 б].

1941-1942 жылдары поляк азаматтарын тіркеу барысында төлқұжат алғандардың саны 140 мың болды. Сол кездегі КСРО дағы Польша елшілігінің мәліметтері бойынша тіркеуге алынғандардың жалпы саны 265501 поляк азаматтары болған. Олардың 117 мыңы РКФСР территориясында, Қазақстанда 56 мың, Орта Азияда 90 мыңы тіркелген [9,].

Егер мәліметтерге сүйенер болсақ 200 мыңдай поляк ұлтының өкілдері Қазақстанға келді [10,92 б]. Олардың көбісі КСРО құрылған генерал Андерс армиясының құрамында болуы нәтижесінде Польшаға оралды. Қалған бөлігі 1945 жылы 6 шілдедегі кеңес-поляк келісімі негізінде өз отандарына қайта оралуға мүмкіндік алды. Репатриация құқығын алған поляктардың соңғы толқыны 1956-1958 жылдары Қазақстаннан өздерінің тарихи отандарына оралды.

Бұрынғы КСРО-да депортацияға байланысты мәлімдеме ең алғаш рет 1956 жылы 25 ақпанда КОКП-ның XX съезінде Н.С. Хрущевтің «Жеке басқа табыну және оның салдары» деген құпия баяндамасында айтылды. Н.С. Хрущев онда біздің Ұлы Отанымызда әр түрлі ұлттарға теңдік және достық құқығы қамтамасыз етілген. Бірақ, И. Сталин Кеіес Одағындағы негізгі лениндік ұлттық прициптерді дөрекі бұзып, өздерінің тұрғылықты

жерлерінен ұлттарды басқа жерге еріксіз қоныстандырды деп мәлімдеді [11,58 б].

1954-1970 жылдар аралығында Кеңес Одағының барлық түкпірлерінен тың және тынайған жерлерді игеру бағдарламасына сәйкес Белорусиядан бірнеше мыңдаған поляктар қоныс аударған. Сөйтіп, Қазақстан жерінде поляктар үшін тығыз қоныстанған аймақтар пайда болды.

Жер аударылған поляктардың тұрмыс салтындағы өзгерістер 70-жылдардың бас кезінде байқала бастады. Поляктар жоғары оқу орындарына түсе бастады, 80-жылдары өздерін мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер, агрономдар ретінде көрсетті. Сонымен бірге олардың ұйымдастырушылық қабілеті байқалды, олар экономиялық өмірде де, қоғамдық-саяси өмірде де жоғары лауазымды қызметтерге ие болды. 1989ж. Кеңес Одағында жүргізілген санақ бойынша Қазақстанда 56956 поляк ұлтының өкілдері тұрған .

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Поляк Халық Республикасында пайда болған билік өкілдері КСРО аумағымен кең көлемдегі дипломатиялық болса да, Қазақ КСР-дегі тұрып жатқан отандастарын байқамады. Жарғыдағы басты қызметі поляк диаспорасымен байланысты нығайту болып табылатын шетелдегі байланыс қоғамы «Полония» да Қазақстанда болмады.

XX ғасырдың 80-90 жылдарындағы Польшадағы өкімет пен мемлекеттік жүйенің өзгерістері Шығыс пен Қазақстанда тұратын поляктармен байланыс жасауына мүмкіндік береді. Міне сол кезде поляк этникалық тегінің сана-сезімі ояна бастады, 90-жылдары қазақстандық поляктардың тұрмыс салтына терең өзгерістер бола бастады, бұл Қазақстанның тәуелсіздік жариялануының нәтижесі болды. Мемлекеттік құрылымды қайта құру жүзеге асырыла отырып, ұлттық саясат саласында жаңа стратегия айқындалды.

Қазақстан үкіметі поляк ұлт өкілдеріне басқа азаматтармен тең құқық, өз ана тілін еркін пайдалану, өз тілінде мәліметтер алу, сөз, ар-ұждан еркіндігін және еркін байланыстар жасауға, этникалық және мәдени ерекшеліктерін сақтауға, мемлекеттік билікке араласуға мүмкіндіктер беріп, қолдау көрсетуде.

Қазақстан Республикасының егеменді ұлттық мемлекет болып қалыптасуы, оның жаңа негізде дамуы барысында ұлтаралық қатынастағы проблемаларды шешу ісінде ілгері басушылық байқалды.

Тәуелсіздікке ие болған алғашқы күндерден бастап Президент, Үкімет, Қазақстанның басқа да мемлекеттік органдары азаматтық тыныштықты қамтамасыз ететін ұлтаралық татулықтың ықтимал пошымдарын іздестірумен ұдайы айналысып отырды.

Президент Н.Ә. Назарбаев атап өткеніндей, бұрынғы жүйенің басты тарихы ағаттығы мынадай: тұтас бір халықтар тоталитарлық мемлекеттің прокруст төсегіне зорлап жатқызылып, мұның өзі ұлттық сана-сезім серіппесінің әбден сығымдалуына апарып соқтырды. Тарих мынаны тағы бір көрсетті: қоғам дамудың қандай жолын, капиталистк немесе социалистік жолын таңдамасын, ұлттық сана-сезімді қорғау және дамыту институттарын орнықтырмаса, мемлекеттік құрылыс сөз жоқ күйрейді .

Қазіргі таңда әртүрлі деректердің мәліметі бойынша Қазақстандағы поляктардың саны 70 мыңнан 100 мыңның арасында толқиды .

Познаньдағы Адам Мицкевич атындағы гуманитарлық университетінің профессоры, Қазақстандағы Польшаның Төтенше және өкілетті бірінші елшісі болған М. Гавенчки мырзаның есептеуінше поляктардың саны туралы дәл мәліметтің болмауын сол кездердегі көптеген саяси себептерге байланысты, олар басқа ұлт өкілдері болып тәуелсіздікте жазылуынан болса керек. Ал поляк зерттеушісі Анджей Хобудскийдің ойынша ассимиляциялық процестер Қазақстандағы осы азшылықтың санын анықтаудың даулы мәселеге айналуының себебі болып отыр. Ол Қазақстандағы поляктардағы санын 150-250 мыңадам шамасында деп есептейді .

Қазіргі таңда поляк халқы үшін ана тілін білмеуі нағыз қасіретке айналып отыр. Бұрынғы одақ көлемінде жүргізілген санақ бойынша поляктардың тек 12% ғана өз ана тілінде сөйлей алған .

Польша үкіметі Қазақстанда поляк тілін, мәдениетін дамытуға, таратуға көмек көрсетуде. Соның ішінде поляк тілін ана тілі ретінде мектептерде оқытуға қолдау көрсету, мектептерге Польшадан поляк тілінің мұғалімдерін, мамандарын жіберу және қажетті әдебиетпен қамтамасыз ету шараларын қолдануды көздеуде.

Польшаның Президенті А. Квасьневский «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторымен сұхбаттасқанда өз ойын былай деп айтады: «Біз дүниежүзінің шашырап кеткен өз қандастарымыздың барлығымен де барынша тығыз байланыс орнату ниетіндеміз. Біз өз қандастарымыздың поляк мәдениетінен қол үзіп қалмауына, олармен ұдайы қарым-қатынас жасап тұруға, шетелдердегі поляктардың өз ата-бабаларының ежелгі отаны жөніндегі білімі мен танымының арта түсуіне әбден мүдделіміз. Олар поляк тілін білуі тиіс. Біздің шетелдердегі қандастарымыздың жиі шоғырланған топтарының өздері тұратын сол елдермен Польша арасындағы тығыз байланыс пен ынтымақтастықты нығайта түсуді мейлінші қалаймыз».

Осы заманғы көптеген талдаушылар, шынтуайтына келгенде ХХ ғасыр әлемде болған және болып жатқан барлық процестер, экономикалық процестер де ұлттық факторлармен әйтеуір бір байланысты деп санауға бейім.

Сондықтан көп этносты Қазақстан үшін ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету – қазір басты міндет, демократияның аса маңызды құрамдас бөлігі. Өзгерістердің ойдағыдай жүргізілуі де, адамдардың тұрмысын жақсартуда, жалпы Республиканың тұрақты дамуы да осыған байланысты. Өзінің ұлт саясатында мемлекет этностар арасындағы өзара қатынастың ұзақ мерзімді принциптерінің іргесін қалауда.

Қазақстан жүргізіп жатқан жан-жалдар туындап, оларды күшпен шешуге жол бермеген ұлт саясаты, этносаралық проблемаларды бейбіт шешу, өтпелі кезеңнің күрделі жағдайында татулықты сақтап қалу тәжірибесі шетелдік жұртшылықтың шын қызығушылығын туғызды.

Екі елдің арасындағы жана орнаған қатынасында тарихтан қалған ешқандай келіспестік іс жоқ. Егер тарихтан қалған көңілге кірбің келтіретін

іс болса, ол патшалық Ресей мен Кеңес Одағы империясы істеген іс, Қазақстан мемлекетіне қатынасы жоқ. Нақтылап айтар болсақ, патшалық Ресей XVIII-ғасырдың екінші жартысында Польшаны бөліске салуға қатысты, XX ғасырдың 40 жылдарында КСРО Польшаның шығыс бөлігін жаулап алды. Бұлар поляк халқының ұлттық намысына тиіп, жүргенде өшпестей тарихи жара қалдырды. Бірақ бұлардың Қазақстан халқымен тікелей байланысы жоқ. Шындығында, Қазақстан халқы да, Польша халқына ұқсас ұзақ зардап шеккен. Қазір Қазақстан дербес ел болып отыр, Польша халқы мен үкіметі Қазақстан халқы мен үкіметімен адал ниетімен тату-тәтті дос болуды, әрі бұл достықты ғасырлар бойы жалғастыра беруді қалайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Гавенцки М. В степи далекой. Казахстан-Польша. Алматы-Познань, 1997. 47 б.
2. Аманжолов К. Қазақстан тарихы 2-бөлім – Алматы, 2004. 314-б.
3. Машимбаев С, Исова Л. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936-1946 гг.) – Алматы, 2000. – 6-7б.
4. Белан Г. депортация, Коллаборационизм и характер войны 1941-1945 гг. //Наука Казахстана – 1996. – 1-15 февраля
5. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.) Алматы, 2000 141-б
6. Машимбаев С, Исова Л. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936-1946 гг.) – Алматы, 2000. – 9 б.
7. Пиримкулов Ш. Польские население в СССР 1941-1946 Диссертация на соискание научного звания доктора исторических наук- М., 1990.-18 б.
8. О культе личности и его последствиях. Доклад Первого секретаря ЦК КПСС тов. Н.С. Хрущева XX съезду Коммунистической партии Советского Союза 25 февраля 1956г. //Известия ЦК КПСС. – 1989. - №3.-151 б.
9. Гавенцки М. «Поляки в этнической структуре Казахстана. Прошлое настоящее и будущее». www.Omsu/omskreg.ru.
10. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында, Алматы, 1992. 92 б.
11. Польско-Казахстанские отношения Варшава-Алматы, 2001. 58 б.

ДЕПОРТАЦИЯ ЧЕЧЕНЦЕВ И ИНГУШЕЙ

Амантаева А.Б. кандидат философских наук,

Панияз Т.П. магистр социальных наук

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

С 23 февраля по 9 марта 1944 года в ходе операции "Чечевица", проведенной силами НКВД, НКГБ и "СМЕРШ" под общим руководством наркома внутренних дел Л.П. Берия, почти 500 тысяч чеченцев и ингушей были выселены с территории Чечено-Ингушской АССР в Среднюю Азию и Казахстан.

В 1934 году Чеченская и Ингушская автономные области были объединены в единую Чечено-Ингушскую автономную область. В 1936 году она была преобразована в Чечено-Ингушскую АССР. В первой половине 40-х годов здесь проживало 731,7 тыс. жителей, в том числе 387,8 тыс. чеченцев